

Бекітемін:   
меңгеруші Ш.Т.Жусупова

**«Балалар психологиясы: Ерте жастағы баланың эмоционалды және когнитивті дамуы. Ата-анамен жұмыс түрлері»**

**тақырыбындағы білім беру округінің жоспарына сәйкес қалалық семинар бағдарламасы**

<b>15 қаңтар 2025 ж.</b>	
<b>Тақырыбы:</b>	«Балалар психологиясы: Ерте жастағы баланың эмоционалды және когнитивті дамуы. Ата-анамен жұмыс түрлері»
<b>Мақсаты:</b>	Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты психологиялық қажеттіліктерін және олардың әлеуметтік бейімделу процестерін зерттеу. Ата-анамен жүргізілетін жұмыс түрлерін қарастырып, олардың баланың дамуына оң әсер ететін тәсілдерін меңгеру.
<b>Өткізу алаңы:</b>	Ақтөбе қаласы №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасының музыка залы
<b>Қатысушылар:</b>	Балабақша, мектепалды даярлық тәрбиешілері, психологтары
<b>Тренерлер:</b>	Жусупова Шолпан Тургаевна-меңгеруші, Басмагамбетова Ақтолқын Сериккалиевна-әдіскер Шангалаева Рабига Комытовна-психолог Ермагамбетова Шынар Жумабековна-тәрбиеші Тажбагамбетова Майя Муратовна-тәрбиеші
<b>14.30-15.30</b>	<b>Қатысушыларды тіркеу</b> - Жусупова Шолпан Тургаевна – меңгеруші: Қонақтарды балабақшамен таныстыру 1. Аумақтық білім беру округінің жұмыс жоспарымен таныстыру - Басмагамбетова А.С. 2. Балалардың эмоционалды және когнитивтік дамуының негізгі кезеңдері. Педагогтар мен тәрбиешілерге балалардың психологиялық ерекшеліктерін түсіну және оларға дұрыс бағыт беру жолдары - Шангалаева Р.К. 3. Ата-анамен жұмыс түрлері - Ермагамбетова Ш.Ж. 4. Педагогтардың командалық жұмыс дағдыларын дамыту - Тажбагамбетова М.М.
<b>15.30-16.00</b>	<b>Кері байланыс:</b> Еркін микрофон. Пікір алмасу.

«Балалар психологисы: Ерте жастағы баланың эмоционалды және когнитивті дамуы. Ата-анамен жұмыс түрлері» тақырыбындағы білім беру округінің жоспарына сәйкес қалалық семинарда педагогтардың командалық жұмыс дағдыларын дамыту бойынша жоспар:

Рефлексия : семинар қатысушыларымен тренинг жүргізу

1. «Әріптер сөйлейді» тренингі

Мақсаты: жылдам,тез ойлау дағдысын қалыптастыру.

Ортаға 5 қатысушы шығады. Қолдарына әр түрлі әріп жазылған қағаз беріледі. Сұрақтар қойылады ,жауабын қолындағы әріптен басталатын жауап тауып, тез ойланып айту керек. Бұл тренингті өздерінің әріптестеріменде бөлісуе болатыны туралы кеңес беріледі.

2. «Тәтті шоколад» тренингі

Педагогтар шоколад таңдап, отырған жерінде жейді. Жеп болған соң әр іс-қимылға байланысты сипаттама беріледі.

1. Құрт сияқты сорып жейтін адамдар-бастаған ісін сағызша созып,ұзақ жүріп алатын адамдар.

2. Шайнап жейтін адамдар-өз ісіне мұқият,ортасында көшбасшы қабілеті бар адамдар.

3. Екі рет бөліп жейтіндер адамдар-бастаған ісін кейінге қалдырып,асықпайтын адамдар.

Семинар соңында осындай тренингтер өткізу,қатысушы әріптестерді бір сәт күйбің тірліктен алшақтатып,сергітеді. Тренингті аяқтай отыра барлық әріптестерге өмірлері тәтті сияқты болуын тілеп аяқталады.

Өткізген: Тажбагамбетова М.М